

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау (мониторинг)
ХАТТАМАСЫ №5**

Қордай ауылы

21.04.2026 жыл

Қатысқандар: 1. Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің «Таза Қазақстан» жобасы, балық, орман шаруашылығы, жұмыспен қамту және дін істері жөніндегі комиссиясының төрағасы **А.Түлебаев;**

2. Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы: **Н.Молдабеков;**

3. Аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері;

4. Қордай ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі басшысы
Т.Қабылтай.

Күн тәртібі:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасының жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау бойынша қоғамдық бақылау (мониторинг).

Жамбыл облыстық Қоғамдық кеңесінің «Таза Қазақстан» жобасы, балық, орман шаруашылығы, жұмыспен қамту және дін істері жөніндегі комиссиясының төрағасы А.Түлебаев Қордай ауданына жұмыс сапары аясында Жамбыл облысы әкімдігінің дін істері басқармасының атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады. Баяндамада негізгі бағыттар мен жүзеге асырылған іс-шаралар жан-жақты қамтылды.

Жиын барысында өңірдегі діни ахуал жан-жақты сараланып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының тиімділігі талқыланды. Сонымен қатар, діни қызмет саласындағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылды.


Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан діни ахуалды тұрақты талдау, діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнаманы жетілдіру, заң талаптарын бұзатын тұлғалардың қызметіне тосқауыл қою, сондай-ақ жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігі атап өтілді.

Қоғамдық кеңес төрағасы



Н.Молдабеков

Қоғамдық кеңес хатшысы



М.Қылышбекова